

2016 - 2017 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 128 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 14993 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында 2016-2017 оқу жылын үйимдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабактарының аяқталуы - 2017 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2017 жылғы 30 мамыр - 9 маусым, мемлекеттік бітіру емтихандары - 2017 жылғы 29 мамыр - 1 шілде.

2. 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 125 бүйрық) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгі қағидаларына сәйкес тапсырады.

9 (10) сыныптың білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай нысандарда және мерзімдерде тапсырады:

1) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) ауызша емтихан – 2017 жылғы 30 мамыр;

2) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен ауызша емтихан және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен ауызша емтихан - 2017 жылғы 3 маусым;

3) ана тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) (гуманитарлық циклдегі пәндерді терендептіп оқытатын мектептердің білім алушылары үшін – шығарма, қалған білім алушылар үшін - диктант) – 2017 жылғы 6 маусым;

4) математикадан жазбаша емтихан - 2017 жылғы 9 маусым.

11 (12) сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай нысандарда және мерзімдерде тапсырады.

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2017 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу – 2017 жылғы 2 маусым;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу - 2017 жылғы 2 маусым ;

4) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан - 2017 жылғы 6 маусым;

5) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2017 жылғы 9 маусым;

3. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары мектепте тиісті оқу пәндері бойынша 2017 жылғы 10 маусым – 1 шілде аралығында қайта қорытынды аттестаттаудан өтүге жіберіледі.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, республикалық мамандандырылған жалпы білім беру үйімдары:

1) 2016 - 2017 оқу жылын осы бүйректың және № 125 бүйректың талаптарына сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін;

2) білім алушылардың ұлттық бірынғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырын;

3) 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушыларының мектепті 2017 жылғы 1 шілдеде бітіруін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) "Ұлттық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (Р.С. Әлімқұлов) бірлесіп, 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларының пакеттерін дайындауды және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына, сондай-ақ республикалық мамандандырылған орта білім беру үйімдарындағы 9 (10) және 11 (12) сыныптары білім алушылары үшін 2017 жылғы 23 мамырға дейін жеткізуді ұйымдастырын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйректың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрек Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бүйректың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

8. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

E. Сагадиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК